

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әр оқытушысы мен студентінің бойын мақтаныш сезімі билейді. Оған ауыз толтыра айтарлықтай жаңалықтарымыз да жоқ емес. Елімізде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үздік кәсіби университет ретінде, кәсіби бәсекелестікке кабілетті, ұлттық және адамгершілік негізінде

ӘЛЕМГЕ ТАНЫМАЛ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТ

тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді, ғылыми жетістіктерімен тәжірибелердің жаңаша орталығы болып табылады. Университетіміздің алдыға қойған негізгі мақсаты да – білім алушыларға кәсіби білім алуына барлық жағдай жасау. Университет жүз отыз жетіден аса мамандық бойынша маман даярлайтын білім ордасы және ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Жоғары білікті оқытушы-профессорлар құрамы, заманға сай жабдықталған Фараби кітапханасы жастардың білім алу мүмкіндіктерін арттыра түседі. Білім беру бағдарламалары бойынша әлемнің үздік 500 университеті арасында 150-орынға ие болды. Университетте студенттердің білім алуына толық жағдай жасалған. Ұлы бабамыз әл-Фараби атындағы кітапхана жастардың білім алу мүмкіндіктерін арттыра түседі. Әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен жасалған тиімді келісімшарттар негізінде студенттердің академиялық ұтқырлық аясында бір семестр басқа елдерде білім алып қайтуына немесе шет елдерден келіп университетте білім алуына және шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде бір жылдай қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйреніп, содан соң университетте білімін жалғастыруға да болады.

Сонымен қатар университетте алыс, жақын шетелден келген оқытушы-профессорлар дәріс береді.

Студенттерге арналған «ҚазҰУ қалашығында» интернет орталығы, спорт кешендері, әртүрлі студенттік клубтар, студенттер сарайы, ғылыми орталықтар бар. Жыл сайын Ө.Жолдасбеков атындағы

Студенттер сарайында студенттік өмірдің қызығын молайта түсетін «Ұлттық университет аруы», «Жігіт сұлтаны», «Студенттер сәуірі» сияқты фестивальдар да ұйымдастырылып, өткізіліп отырады. Қазіргі таңда мыңдаған түлектеріміз қазақ елі және басқа шет елдерде де табысты еңбек етіп жүр. Сонымен қатар ұлттық және қазіргі заманғы би үлгілері мен әуендерін, халық әнін үйрететін үйірме, әдеби-көркем студия, поэзия жанкүйерлері клубтары, «Мұнтаз» мәнерлеп оқу клубы, «Поэзия патшалығы», "Қаламгер", "Көкжиек", «Ақ сөйле» атты әдеби-ғылыми клубтар мен үйірмелер жұмыс істейді.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей осындай мол мүмкіндіктері бар білім ордасында білім алып, ұстаздық етіп жүргенімізді әрқашан мақтан етеміз.

Қазақ ұлттық университеті дарындар мен ғалымдар ордасы ғана емес, ұлт ұясы мен қырандар қиясы. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің, қияға қанша өрлесең соншалықты биіктікті бағындыра аласың!

Рамазанова Ш.Ә., Иманқұлова С.М., Егізбаева Н.Ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценттері, филология ғылымдарының кандидаты

«Мен жастарға сенемін» республикалық байқауы

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!

Мағжан Жұмабаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде жыл сайын өтетін VIII «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық студент жастардың байқауы биылғы жылғы пандемияға қарамастан өз жалғасын тапты. Бұл байқауға ат салысқан жастар «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жоба және «QAIRYMDY QOĞAM» атты қайырымдылық жоба бойынша бақ сынасты. Сонымен қатар, «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» деген сұраққа жауап іздеп, эссе жазып, азаматтық-патриоттық бағыттағы поэзиялық жыр арнап, авторлық патриоттық ән байқауына қатысты. Жыл сайын өтетін үлкен масштабты байқаудың биыл өтетін байқаудан ерекшелігі – дистанционды форматта өтуінде. Қатысушыларға әр номинация бойынша онлайн форматта казпи.kz сайты арқылы дауыс берілді. Ал дарынды қатысушылар әр номинация бойынша өз жұмыстарын видеоба түсіріп, университетіміздің инстаграм парақшасына жариялап, өтінімдерін толтырып жіберу арқылы қатысты. Байқаудың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының

болашағы деп есептелетін жастардың азаматтық жауапкершілігі мен патриоттық рухын арттыру. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і жастарды қолдай отырып, қоғамның әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешуге арналған жобаларға ынталандырады. Әлеуметтік-тәрбиелік маңызы бар жобаларды іске асыру ҚазҰУ-ге сөз емес. Еске сала кетсек, биыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. Әлемдік рейтингте қысқа уақыт ішіндегі бұндай бірегей ілгерілеу «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп аталып шетелдік сарапшылар назарын өзіне аудармты.

ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

Дайындық кафедрасының оқытушылары: Қасымова К.А., Сандықбаева У.Д., Идрисова Г.А.

«АТАМЕКЕНІМ – ҚАЗАҚСТАН» ОНЛАЙН ФЕСТИВАЛІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында ZOOM бағдарламасында «Атамекеніміз – Қазақстан» атты онлайн фестивалі өтті. Фестивальға дайындық кафедрасында оқитын ҚХР – нан, Өзбекстан Республикасынан, Монғолиядан, Ираннан университетіміздің дайындық курсында білім алушы оралман тыңдармандар – 8 топ, 9 топ және 16 топтар қатысып, өз ойларын, Атамекеніне, қазақ жеріне деген ыстық ықыластарын ортаға салды. Онлайн фестиваль барысында әрбір топ мүшелері төмендегі талаптар бойынша сынға түсті: Өзін таныстыру, «Атамекеніміз – Қазақстан» тақырыбында өлең оқу, және де жеке өнер – ән айту және домбырада ойнау. Барлық топ мүшелерінің бұл мерекеге қызу дайындықпен қолға алғаны бірден байқалып – ақ тұрды. Тақырыптық қабырға газеттерін шығарып жақсы көңіл – күймен, ойлары қабыса отырып мерекені жоғары дәрежеде өткізді.

9 – шы топ, биология мамандығын таңдаған тыңдармандар өз ойларының ұшқыр екенін көрсетіп, қабырға газетін «Қазақстан – 2050» деген атпен шығарып, «2050 жылы Қазақстан еліміз шіркін, осындай болса екен!» – деген арман – қиялдарын жасыра алматы. Топтан Айтгілек қатысып, Е.Хасарғалиевтің «Атамекен» әнін орындап таң-тамаша етті. Оқытушылардан құралған әділ – қазылар алқасы әр топ өнерлеріне өз бағаларын беріп жатты...

8 топта оқидын Сындар өзі шығарған «Бақытты жастар» деп аталатын өлеңін оқып, кештің нүктесін межеледі:

Билесің бе?
Біз бақыттымыз,
Аллаһ рет Алла деп алдық тыныс,
Қасиетті қазағым қара нар деп,
Құдайға шүкір, тәуелсіздік алдық тыныш.
Біз бақыттымыз,
Еліміз - Қазақстан болғаннан соң,
Дархан дала қазаққа толғаннан соң,
Көк байрақты асқақпен желбіретіп,
Арқалы ел, егемендік алғаннан соң.
Біз бақыттымыз!

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы аға оқытушылар- Үсенбекова А.Е., Идрисова.Г.А., Сандықбаева Ө.Д.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан Республикасындағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі. 86 жылдық тарихы бар бүгінгі ҚазҰУ – әлемдік рейтингтерде алдыңғы қатарлардан көрініп, бәсекеге кабілетті мамандар дайындауда танымал болған заманауи білім ордасы.

Жоғары білікті оқытушы- профессорлар құрамы, заманға сай жабдықталған. Фараби кітапханасы жастардың білім алу мүмкіндіктерін арттыра түседі. Қазіргі уақытта университет жүз отыз жетіден аса мамандық бойынша маман даярлайтын білім ордасы және ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Білім беру ісі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі, оқытудың кредиттік жүйесі толық жолға қойылған, «бакалавр – магистр – PhD» түрінде үш сатылы мамандар дайындау қамтамасыз етілген. Заманға сай «Биотехнология», «Ақпараттық жүйелер», «Математикалық және компьютерлік модельдеу», «Ғарыш техникасы және технологиясы», «Бейорганикалық, органикалық заттардың химиялық технологиясы» сияқты мамандықтар бағытында білікті мамандар даярлау қолға алынған. Әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен жасалған тиімді келісімшарттар негізінде студенттер академиялық ұтқырлық аясында бір семестр басқа елдерде білім алып қайтуына болады.

Білім беруде ғаламдық мақсаттарға жетуді көздей отырып және «Рухани жаңғыру» атты Қазақстан мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық мақсаттарына сәйкес әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Университет

4.0. атты жаңа буынның ЖОО моделін дайындады. Бұл модель БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб пәтерінде ұсынылды және қазіргі талаптарға жауап бере алатын, университеттерді дамытудың зор моделі ретінде халықаралық деңгейде таратуға ұсыныс жасалды. Модель бойынша әлемнің университеттері озық технологиялар және ғаламдық этика құндылықтары негізінде біріге отырып, біздің ортақ әлемімізді жақсартатын қуатты күшке айнала алады. Алатаудың етегінде, қайың-қарағайлы, ағаштары мол қоршалған ауқымды аймаққа «ҚазҰУ қалашығы» деген атпен салынған оқу ғимараттары, жатақханалары, спорт кешені көз тартарлық. «ҚазҰУ қалашығында» жабдықталған интернет орталығы, спортпен шұғылданатын кешен, әртүрлі студенттік клубтар жұмыс істейтін студенттер сарайы, ғылыми орталықтар бар.

Біз қызмет ететін филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде белгілі жазушы М. Әуезов, оның шәкірті, академик З. Қабдолов, белгілі ғалым-профессорлар А. Аманжолов, С. Мырзабеков, А. Айғабылов, А. Қыраубаева сияқты белгілі ғалымдар қызмет еткен. Қазіргі кезде Қ. Әбдәзұлы, Б. Сағындықұлы, Р. Әміров, Э. Сүлейменова, Ж. Дәдебаев сынды белгілі ғалымдардан дәріс алу студенттер үшін үлкен бақыт болып саналады. Қазақ әдебиеті мен бірге шетел, орыс классиктерінің шығармаларын оқу, талдау, сонымен қатар шет тілдерін үйрену ерекше бір әлем сияқты әсер берері сөзсіз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушылары, филология ғылымдарының кандидаттары Н.Ж. Егізбаева, Ш.Ә. Рамазанова, С.М. Иманқұлова

ҚАЗҰУ- БІЛІМ ОРДАСЫ

ХУЧИНГҮЙД ТООЦОВ

Пленум овогтой Болатбекин нэр дээрх Өлгий сумын 3-р багт байрлалтай, 500 м2 талбайтай, 031305024 нэгж талбартай, 0367928 дугаартай Гэр бүлийн хамтын хэрэгцээний зориулалтаар газар эзэмших эрхийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...

Сагатхан овогтой Төлеуханы БЮ94012534 регистртэй, 201202983 дугаартай Бүрэн дунд боловсролын үнэмлэх үрэгдүүлсэн тул...

Х.Ертай, Х.Гулзат, Е.Нурбулан нарын өмчлөлд байгаа Өлгий сумын 3-р багт байрлалтай Ү-0213000974 улсын бүртгэлийн, №035720 дугаартай Үл хөдлөх эд хөрөнгийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...

Каримхан овогтой Маратбекин 17-76 БӨҮ улсын дугаартай "Альфард" автомашины Г-02722556 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...

Аянжол овогтой Жанболатын БЮ00292253 регистртэй, БҮ201803302 дугаартай Бүрэн дунд боловсролын үнэмлэх үрэгдүүлсэн тул...

Ганболд овогтой Алтангэрэлийн 031307295 нэгж талбартай, 000574780 дугаартай Гэр бүлийн хамтын хэрэгцээний зориулалтаар газар эзэмших гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...

Хуандаг овогтой Өмирбекин 03-58 БӨТ улсын дугаартай автомашины ТЯ0886081 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ

үрэгдүүлсэн тул...
Хосай овогтой Серикгүлийн нэр дээр байгаа Өлгий сумын 3-р багт байрлалтай гэр бүлийн хэрэгцээний зориулалттай газар эзэмших эрхийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...

Аятхан овогтой Муратбекин БК69012031 регистрийн дугаартай Халамжийн дэвтэр үрэгдүүлсэн тул...

Шамяя овогтой Досымбекин БМ72040512 регистрийн дугаартай Хөдөлмөрийн чадвар алдсаны тэтгэврийн дэвтэр үрэгдүүлсэн тул...

Тилеухан овогтой Сураганы БЖ01240110 регистрийн дугаартай цахим иргэний үнэмлэх үрэгдүүлсэн тул...